

Сөз анасы-сәлем (өнер-білім сайысы)

Мақсаты:

«Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілігі: плакаттар, нақыл сөздер. Сәлем-әдептіліктің белгісі, Ата салты ардақты, Әрбір сөзі-салмақты, Сол сөздерді ұқпасаң, Тістерсің бір күні бармақты.

Тілектер: «Ұлық бақты болсын, төрт түлік ақты болсын», «Дастарқан берекелі болсын!», Әуен ойналып тұрады.

Барысы:

1 - жүргізуші: Құрметті ұстаздар, оқушылар Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалды. Келе жатқан мерекелеріңіз құтты болсын!

2 – жүргізуші: Наурыз «жаңа күн» деген сөз. Яғни бұл күн біздің ата - бабаларымыз, арғы тегіміз, мыңдаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы мерекесі.

1 - жүргізуші: Ұлыстың ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді болып, тілектеріңіз қабыл болсын!

2 - жүргізуші: Көктем жетті көл - көсір шуақ құрып,

Қыс та ұзап барады жылап тұрып.

Шатырында үйлердің Наурыз да жүр,

Мұз көрпесін ақпанның лақтырып.

1 - жүргізуші:

Қашанда Құт - береке орнасын деп,

Тойларда шашу шашу – салты елімнің.

Уа, халайық, теріп ал кәмпиттерді,

Қабыл қылсын халқымның ақ тілеуін.

2 - жүргізуші:

Шашу, шашу көп шашайық шашуды

Жауғандай көк аспаннан нөсер жаңбыр.

Уа, жамағат жинап ал несібеңді,

Ризығың бола берсін көл - көсір! (ШАШУ ШАШЫЛАДЫ)

Мұғалім: балалар, бүгінгі біздің өнер-білім сайысы” Сөз анасы –сәлем» деп бекерден бекер алынып отырған жоқ.Бүгін біз ата дәстүрі, оның ішінде ең адамға керектісі-сәлем беру, халқымыздың шешендігі,тыйым сөздері туралы әңгіме қозғаймыз.

1 – жүргізуші: Бүгінгі шарамыз бірнеше аялдамадан тұрады

. Сәлем- әдептілік белгісі

. Қазақтың шешендік өнері

. Өнер – білім сайысы

1 – жүргізуші: Сәлем – әдептілік белгісі. Сәлемдесу – кездескен адамдардың бір – бірінің амандығын біліп, қуанышқа бөленуі.

2 – жүргізуші: Әрбір адам “қайырлы таң“, “қайырлы күн“, “қайырлы кеш“ деген сөздерді амандасуға қосып тәуліктің үш мезгілінде де бір – бірімен ақжарқын амандасуға тиіс.

1 – жүргізуші: Амандасқан адам қазақ салтында оң алақанын жүрегінің үстіне қойып, басын изейді. Не болмаса қол беріп амандасады.

2 – жүргізуші: “Сізді шын жүректен құрметтеп, амандығыңызды тілеп, өзіңізге бас иемін“ деген мағынаны білдіреді.

1 - жүргізуші: Ана жақтан аттың дыбыры естіледі, кім екен келе жатқан?
(Әуен ойналып тұрады. Ортаға қарт пен жігіт шығады)

1-көрініс

- Ассаламағалейкум, әже!
- Үгәләйкумассалам, балам!
- Дені-қарныңыз сау ма, аман-есенсіз бе?
- Құдайға шүкір, балам, жүріп жатырмыз.
- Бала-шағаңыз есен-сау ма?
- Тегіс аман-есен өсіп-өніп жатыр.
- Өзіңіз күйлі қуаттысыз ба?
- Балалардың қамқорлығында жағдайым жақсы.

2-көрініс

- Армысыз әже?
- Бар бол, балам!
- Үй-іші, бала-шағаңыз аман ба?
- Тәңірге тәуба, барлығы күйлі-қуатты, аман-есен.
- Ылайым жақсы болсын.
- Өзіңе де Алланың нұры жаусын, балам!

2 – жүргізуші: Балалар, жаңа сіздер амандасу, сәлемдесу үлгілеріне құлақ болыңдар.

1 – жүргізуші: Екінші аялдамаға жылжып келдік.

2 – жүргізуші: Шешендік өнер ежелгі дәуірде жеке адамдардың сөйлеу шеберлігі арқасында дамыған. Қазақтың белгілі жыраулары, ақындары мен шешендері болған. Олар халық алдында сөз сөйлеп, үлкен мәселелерді шешкен.

1 – жүргізуші: Қазақ халқының ерекше қадірлейтін шешендері Жиренше, Майқы би, Асан қайғы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және т.б.

2 – жүргізуші: Қазір сіздердің назарларыңызға шешендік өнерінің бір қырын көрсеткіміз келеді

3 – көрініс

- Армысыз әже!
- Бар бол, балам!

- “Келгенше қонақ ұялады, келгеннен соң үй иесі ұялады” – деуші еді, келіңіз, төрге шығыңыз, қонақ болып кетіңіз.
- “Жат асына қарайды, дос басына қарайды”, - деуші еді аталарымыз, асқа отырыңыз.
- Ойбай-ау! “Жақсы ас қалғанша, жаман қарын жарылсын”.
- “Досыңның тамағын қасындай іш”, - демекші, ала отырыңыз.
- Ой, рақмет! “Досы жоқ адам, тұзы жоқ тағам”, - демекші, алла риза болсын.
- “Жылқы кісінегенше, адам сөйлескенше”, - осылай танысбіліс болу да бір ғанибет қой, әже
- “Мыңның түсін танығанша, бірдің атын біл”, - есімнің кім болады?
- Есімім – Римма. “Көрген жерде ауыл бар деп”, - дегендей, келіп тұрмыз.
- “Қонаққа кел демек бар, кет демек жоқ”, - қой, қайтайын.
- “Қонағыңнан алтын алма, алғыс ал”, - демекші, жолыңыз болсын.

1 – жүргізуші: Біз үшінші “Өнер-білім” сайысы аялдамаға жеттік. Бұл сайыс бес айдардан тұрады.

1. Өзін-өзі таныстыру.
2. Мәнерлеп өлең оқу.
3. Тыйым сөз жарысы.
4. Мақал-мәтел жарысы.
5. Өз өнерін көрсету.

2-жүргізуші: Сайысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз. Құрметті оқушылар, қазылар алқасы болмайды, сендер өздерің бағалайсыңдар, соңында ұнаған қатысушыға түсті стикер жапсырып, белгілейсіңдер.

1-жүргізуші: Қатысушылармен таныстық, енді мәнерлеп өлең оқуға жол береміз. Қошеметтейміз ! Тыйым сөздердің жарысын бастайық. (Жарайсыңдар!)

2-жүргізуші: Мақал-мәтел жарысында қатысушыларды сынайықшы! (өте тамаша!).

Наурызда әндер шырқайық,

Өнер жасқа лайық.

Өлеңдеткен жастардың,

Әсем әнін тыңдайық!

1-жүргізуші: Сонымен, өнер-білім сайысы өз мәресіне жетті. Ал енді сіздер ұнаған қатысушыға дауыс беріп, жеңімпаздарды анықтайық.

3-орынға ие болған.....

2-орынға ие болған.....

1-орынға ие болған.....

2-жүргізуші: Күй де шертіп, ән салып,

Наурыз тойды қарсы алып.

Болсын дейміз шаттық мол,

1- жүргізуші: - Мол, болсын ырыс құт,

Жасай берсін туыстық.
Дейді атам, - салтанат,
Құра берсін тыныштық.